



**Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу және төлеу тәртібі туралы  
Нұсқаулық**

*Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясы 1995 ж. 21 маусымда N 149. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 3 шілде тіркелді. Тіркеу N 72. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209\_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

2. "Көлік құралдарына салынатын салықты есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 39 Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 149 V950072\_ бұйрығы. -----

-----

Ескерту: Бүкіл мәтіндегі: "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы N 2235 Заң күші бар Жарлығы" деген сөздер "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы N 2235 Заңы" деген сөздермен ауыстырылды, "Жарлық", "Жарлықтың", "Жарлықпен", "Жарлықта", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңда", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылды және 3 (жетінші және сегізінші абзацтардан басқа), 5, 6, 7, 8, 9 және 10 тармақтардың ережелерінің осы өзгерістері 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді - ҚР Мемлекеттік кіріс

министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929  
бұйрығымен. V990901\_

## I. Жалпы Ережелер

1. Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заңының негізінде осы Нұсқау әзірленген және көлік құралдарына салынатын салықты есептеу мен төлеу тәртібін белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

2. Мемлекет есебінде тұрған, меншік иесі, меншікті сенім білдіріп басқару, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы көлік құралдары бар заңды және жеке тұлғалар көлік құралдарына салынатын салықты төлеушілер болып табылады.

2-1. Көлік құралдарына салық төлеушілерге Қазақстан Республикасының

Үкіметі белгілейтін транспорттық құралдарға қажеттілік нормативтері шектерінде біртұтас жер салығын төлеушілер жатпайды. Көлік құралдары бойынша қажеттілік нормативтерінен жоғары белгіленген салық осы нұсқауға сәйкес төленеді.

ЕСКЕРТУ. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990901\_

3. Көлік құралдарына салынатын салық жылына бір рет төленеді және төлем сәтінде қолданылып жүрген заңдармен белгілеген айлық есептік көрсеткіштерде мынадай ставкалармен есептеледі:

-----  
Салық салынатын объект ! Салық мөлшері (айлық есептік  
көрсеткіштерде)

---

1. Жеңіл автомобильдер:

!

---

1100\*) қоса дейін ! 4,0

---

1100-ден 1500-ге дейін ! 6,0

---

1500-ден 2000-ға дейін ! 7,0

---

2000-нан 4000-ға дейін ! 22,0

---

4000-нан жоғары ! 117,0

---

2. Жүк автомобильдері: !

---

Жүк көтерімділігі 1,5 тоннаға дейін ! 9,0

---

Жүк көтерімділігі 1,5 тоннадан 5 тоннаға ! 12,0 дейін

!

---

Жүк көтерімділігі 5 тоннадан жоғары ! 15,0

---

Ауылшаруашылық құрылымдарынан бөлініп шығу ! Әр киловат қуаттан айлық нәтижесінде пай ретінде алынған жүк ! есептік көрсеткіштің 4,0 автомобильдері ! проценті

---

3. Механизмдерді және шынжыр табанды ! 3,0

механизмдерді қоспағанда, өздігінен жүретін !

машиналар және пневматикалық қозғалыстағы !

механизмдер !

---

4. Автобустар: !

---

12 отыру орнына дейінгі ! 9,0

---

12 отыру орнынан 25 отыру орнына дейінгі ! 14,0

---

25 отыру орнынан жоғары ! 20,0

---

5. Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, ! 1,0  
шағын кемелер (двигателінің қуаты 55 кВт-тан!  
кем) !

---

6. Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, !  
яхталар: !

---

160\*\*) дейін ! 6,0

---

160-ден 500-ге дейін ! 18,0

---

500-ден 1000-ға дейін ! 32,0

---

1000-нан жоғары ! 55,0

---

7. Ұшу аппараттары ! Әр киловатт қуаттан айлық  
! есептік көрсеткіштің 8,0  
! проценті

---

\* двигательдің текше сантиметрлік жұмыс көлемі;

\*\* ат күші.

7 айлық есептік көрсеткіштер ставкасы бойынша салық салынатын 1500-ден 2000-ға дейінгі текше сантиметрден астам двигатель көлемі және 22 айлық есептік көрсеткіштер ставкасы бойынша салық салынатын 2000-нан 4000-ға дейінгі текше сантиметрден астам двигатель көлемі кезінде салық сомасы әрбір аталған двигатель көлемінің асу бірлігі үшін 12 теңгеге өседі. Жеңіл автомобильдің салық салынатын двигатель көлемінен асу

мөлшерін анықтау үшін белгіленген салық мөлшеріне байланысты 1500 текше сантиметр немесе 2000 текше сантиметр ұстап қалынады.

Пайдалану мерзімі 6 жылдан асатын жеңіл автокөлік құралдары бойынша салық төлеудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

ТМД елдері шығарған машиналар үшін- 0,3;  
Двигателінің көлеміне қарай қалған машиналар үшін:  
3000 текше сантиметрге дейін- 0,5;  
3000-нан 4000 текше сантиметрге дейін- 0,7;  
4000-нан және одан жоғары- 1,0.

Осы Нұсқаудың 12-тармағына сәйкес көлік құралдары иелеріне салынатын салықты төлеу ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде жүргізіледі, егер жеңіл автокөлік құралдарының пайдалану мерзімі есепті салық жылының 1 шілдесіне дейінгі 6 жылдан асатын болса, ондай жағдайда түзету коэффициенттері қолданылады.

Пайдаланылу мерзіміне қарай ұшу аппараттарына салынатын салық ставкасына мынадай түзету коэффициенттері қолданылады:

1999 жылғы 1 сәуірден кейін сатып алынған ұшу аппараттарына:

5 жылға дейін пайдаланылғанына - 1,0;  
5 жылдан 15 жылға дейін пайдаланылғанына - 2,0;  
15 жылдан аса пайдаланылғанына - 3,0;

1999 жылғы 1 сәуірге дейін сатып алынған ұшу аппараттарына:

5 жылға дейін пайдаланылғанына - 1,0;  
5 жылдан 15 жылға дейін пайдаланылғанына - 0,5;  
15 жылдан көп пайдаланылғанына - 0,3;

Көлік құралының пайдалану - мерзімі көлік құралының шығарылу сәтінен бастап есептеледі, ол техникалық төлқұжатта (әуе кемесінің ұшуға пайдалану жөніндегі нұсқауында) көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің  
1995.12.29. N 367 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық  
комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен. V970060\_

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі  
Салық комитетінің 1998.07.10. N 62 V980550\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс  
министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді, бірінші абзацының 1-тармақшасы  
2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап өзгертілді - ҚР Мемлекеттік  
кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929  
бұйрығымен. V990901\_

4. Көлік құралдарына салынатын салық жергілікті бюджеттердің кірісіне енгізіледі, бұл ретте төленген салықтың сомасы есептелген салық сомасы

мөлшерінде салық салынатын табысты анықталған кезде шегерілуі тиіс.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

5. Көлік құралдарының иелері салықты ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі 1 шілдеге мерзім ішінде төлейді, көлік құралдарының тіркелген орыны б о й ы н ш а .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 1995.12.29. N 367 бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

6. Көлік құралдарына салынатын салықтың төлем фактісі қуаттайтын құжаттың бір данасы (төлем тапсырмасы, түбіртек) тиісті салық инспекцияларына жіберіледі, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеуді, қайта тіркеуді немесе техникалық байқауды жүзеге асыратын органдарға табыс етіледі.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

7. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жол полициясы органдары және басқа да органдар жеке тұлғаларға тиесілі көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу, басқаруға құқық беретін сенімхатты ресімдеу, сату немесе жыл сайынғы техникалық тексеру кезінде көлік құралдарына салынатын салық толық төленуі туралы растайтын құжатты көрсетуі тиіс. Растайтын құжат болмаған кезде тіркеу , қайта тіркеу немесе техникалық тексеріс жүргізілмейді, ал азаматтардың салық төлемеу фактілерін міндетті түрде осы органдар салық комитеттеріне хабарландыруы тиіс.

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

II. Заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салықты есептеу және төлеу тәртібі

8. Көлік құралдарына салынатын салықты, осы Нұсқаудың 3 тармағында белгіленген түзету коэффициенттері мен салық ставкаларын ескере отырып көлік құралдарының түрін басшылыққа ала отыра салық төлеуші дербес

есептейді.

Мысал:

Жеке тұлғаның 1997 жылы жасап шығарылған, двигатель көлемі 1500 текше сантиметр сенімгерлік басқару құқығымен жеке меншігінде ВАЗ-21099 бар. 1999 жылдың екінші тоқсанында көлік құралдарына салынатын салық мынадай болады:

$$7 \times 715 = 5005 \text{ теңге.}$$

онда 7 - салық ставкасы;

715 - 1999 жылдың екінші тоқсанындағы айлық есепті көрсеткіш.

Мысал:

Жеке тұлғаның 1998 жылы жасап шығарылған Hundai Sonata 3 маркалы, двигатель көлемі 1800 текше сантиметр сенімгерлік құқығымен жеке меншігінде автомобилі бар.

Осы Нұсқаудың 5-тармағына сәйкес осы автомобильдің двигатель көлемі 1500 текше сантиметр двигатель көлемінен асып 300 текше сантиметрді құрайтын болса, тиесінше 1999 жылдың екінші тоқсанында көлік құралдарына салынатын салық мынадай болады:

$$((7 \times 715) + (300 \times 12)) = 8\ 605 \text{ теңге}$$

онда 7 - салық ставкасы;

715 - 1999 жылдың екінші тоқсанындағы айлық есепті көрсеткіш;

300 - 1500 текше сантиметрден двигатель көлемінің асуы;

12 - 1500 текше сантиметрден әрбір бірліктің асқаны үшін салық ставкасы.

Мысал:

Заңды тұлғаның 1993 жылдың тамызында шыққан, двигатель көлемі 2800 текше сантиметр Ford Scorpio маркалы шаруашылық құқығындағы автомобилі бар және көлік құралын кәсіпкерлік қызметінде пайдаланады.

Осы Нұсқаудың 5-тармағына сәйкес осы автомобиль двигатель көлемінің 2000 текше сантиметр двигатель көлемінен асуы 800 текше сантиметрді құрайтын болса, тиесінше 1999 жылдың екінші тоқсанында көлік құралына салынатын салық мынандай болады:

$$(22 \times 715) = 25\ 330 \text{ теңге;}$$

7 онда - салық ставкасы;

715 - 1999 жылдың 2 тоқсанындағы айлық есепті көрсеткіш;

800 - 2000 текше сантиметрден двигатель көлемі асуы;

12 - 2000 текше сантиметрден әрбір бірліктің асқаны үшін салық ставкасы.

Мысал.

Жеке тұлғаның 1997 жылы жасап шығарылған, двигатель көлемі 1600 текше сантиметр сенімгерлік басқару құқығымен жеке меншігінде ВАЗ-2106 бар.

Осы Нұсқаудың 3-тармағына сәйкес жеңіл автомобильдердің 1500-ден 2000-ға дейінгі двигатель көлемі кезінде салық сомасы әрбір двигатель көлемінің асу бірлігі үшін 12 теңгеге өседі. Яғни, біздің мысалымызда ВАЗ-2106 автомобилінің двигатель көлемінің 1500 текше сантиметрде двигатель көлемінен асуы 100 текше сантиметр (1600-1500) құрайды. Сәйкесінше, көлік құралдарына 1999 жылдың екінші тоқсанына салынатын салық

мынаны құрайды:

$$(7 \times 715) + (100 \times 12) = 6205 \text{ теңге}$$

$$6205 \times 0,3 = 1862 \text{ теңге}$$

онда 7-салық ставкасы;

715-1999 жылдың 3 тоқсанына есептік айлық көрсеткіш;

100-1500 текше сантиметр двигатель көлемінен двигатель көлемінің асуы;

12 - әрбір асу бірлігі үшін салық ставкасы;

0,3 - олардың пайдалану мерзімі 6 жылдан аспайтын ТМД шығарған машиналар үшін түзету коэффициенті.

Ұшу аппараттарының (ұшақтардың, тікұшақтардың және басқалардың) қуаты авиатехниканы жасаушы-заводтарда, конструкторлық бюроларда анықталады және

"Ауа кемесінің ұшуға пайдаланылуы жөніндегі басшылықта" көрсетілетіні ескерілуі тиіс.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997.12.29. N 1 бұйрығымен.

V970060\_

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1998.07.10. N 62

V980550\_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс



V990783\_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа мысалмен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

V990901\_

9. Көлік құралдарына салынатын салықты есептеген кезде салықтың жалпы сомасы теңгеге дейін дөңгелектеледі, 50 тиыннан кем сома есепке алынбайды, ал 50 тиын және одан асқаны бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

10. Заңды тұлғалар осы нұсқаулықтың N 1 қосымшасында келтірілген үлгі бойынша көлік құралдарына салынатын салық есебін өзі орналасқан жердегі тиісті салық органы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей табыс етуге м і н д е т т і .

Төлемдерді есептеуде ставкаларды дұрыс қолданбаған немесе арифметикалық ағаттықтар жіберген фактілері анықталған ретте салық инспекциясы есепке тиісті түзетулер енгізеді.

Жеке және заңды тұлғалар 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін көлік салығын төлеу кезінде, декларация тапсырмаған жағдайларында да салықты қайта есептеу жүргізілмейді.

Декларация мынадай тәртіпте толтырылады:

2 бағанда көлік құралының түрі, маркасы, моделі көрсетіледі;

3 бағанда техникалық төлқұжаттар мәліметтеріне сәйкес жеңіл көлік құралдары мен ұшу аппараттарының шығарылған жылы көрсетіледі;

4 бағанда көлік құралының осы түрінің, маркасының, моделінің саны көрсетіледі;

5 және 6 бағандарда осы нұсқаудың 3-тармағына сәйкес салық салу объектісі мен салық ставкасы көрсетіледі;

7 бағанда 1500-ден 2000-ға дейінгі текше сантиметрден астам және 2000-нан 4000-ға дейінгі текше сантиметрден астам жеңіл автомобильдердің двигатель

көлемінің асуы көрсетіледі;

8 бағанда мына формула бойынша белгіленген салық сомасы көрсетіледі: 8 баған = 6 баған + (7 баған x 12 теңге);

9 бағанда осы нұсқаудың 3-тармағына сәйкес жеңіл автокөлік құралдары бойынша түзету коэффициенті көрсетіледі;

10 бағанда түзету коэффициентін есепке ала отырып салық сомасы көрсетіледі: 8 баған x 9 баған;

11 бағанда автокөлік құралдарының санын есепке ала отырып жалпы салық сомасы көрсетіледі;

"Ағымдағы төлемдер есебі бойынша есептелді" жолы бойынша Ағымдағы төлемдер есебіне сәйкес салық төлеушінің жеке шотына есептелген салық сомасы көрсетіледі:

"Қоса есептеуге (+) Азайтуға (-)" жолдары бойынша Ағымдағы декларация және есеп бойынша салық сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

"Анықтама бойынша Қоса есептеуге (+) Азайтуға (-) жолы бойынша

"Жалпы" көлік құралдарының анықтамасы жолы бойынша сомасы көрсетіледі;

"Жалпы Қоса есептеуге (+) Азайтуға (-)" жолы бойынша алдағы жолдардың екі мәліметтер сомасы көрсетіледі;

"Ағымдағы төлемдер төленді" жолы бойынша Декларацияны ұсыну күніне бюджетке төленген салық сомасы көрсетіледі;

"Мерзім бойынша қоса төлеуге" жолы бойынша төленбеген салық сомасының қалдығы көрсетіледі;

"Азайтуға" жолы бойынша осы салық бойынша асыра төлеу сомасы көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929

бұйрығымен.

V990901\_

10-1. 2000 жылдан бастап заңды тұлғалар көлік құралдарына салық бойынша Декларацияны тапсыру сәтінде салық органына 5-қосымшаға сәйкес тиісті жылға Ағымдағы төлемдер есебін тапсырады.

Ағымдағы төлемдер есебі бойынша ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша бар көлік құралдары бойынша жасалады.

ЕСКЕРТУ. 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен. V 9 9 0 9 0 1 \_

10-2. Олар бойынша есепті жылда көлік құралдарына төленген салық, есепті жылда есептен шыққан көлік құралдары бойынша және олар бойынша алдыңғы иесімен салық толық төленген, сатып алынған көлік құралдары бойынша осы Нұсқауға 6-қосымшаға сәйкес Көлік құралдары қозғалысының анықтамалығы жасалады.

Көлік құралдары қозғалысының анықтамалығы мәліметтері бойынша декларацияға салық сомасының түзетуі жүргізіледі.

Көлік құралдарының қозғалыс анықтамалығы мынадай тәртіпте толтырылады:

2 бағанда есепті жылда сатып алынған немесе есептен шығарылған көлік құралдары көрсетіледі;

3 және 4 бағандарда көлік құралдарының есептен шығарылған немесе сатып алынған күндері көрсетіледі;

5 бағанда төленуге тиіс салық сомасы көрсетіледі;

6 бағанда бюджетке төленген салық сомасы көрсетіледі;

7 бағанда есептен шығарылған көлік құралдары бойынша "+" белгісімен қоса есептеуге төленген салық сомасы көрсетіледі, есепті жылда сатып алынған көлік құралдары бойынша "-" белгісімен бұрынғы иесі азауға төлеген салық.

Анықтама бойынша жиынтық салық сомасы Көлік салығы бойынша декларацияға көшіріледі.

ЕСКЕРТУ. 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929 бұйрығымен.

11. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел адамдары және азаматтығы жоқ адамдар салық сомасын банкі мекемелеріне, ал ауылдық жерде (банкі жоқ жерде) - ауыл әкімшілігіне төлейді. Азаматтарға салық төлеген кезде белгіленген үлгідегі түбіртектер беріледі (ауыл әкімшіліктері - N 24 үлгідегі түбіртек) .

12. Салық, көлік құралдары жөндеуде тұрғанына болмаса қандай да болмасын басқадай себептермен пайдаланылмағанына қарамастан, ол мемлекеттік есептен шығарылғанға дейін жыл сайын төленеді.

13. Жыл ішінде салық төлеушіден көлік құралдарын иелену құқығын алған жағдайда төленген салық сомасы қайтарылмайды.

14. Иесінің ауысуымен немесе Қазақстан Республикасы аумағында тұрғылықты жері өзгеруімен байланысты көлік құралдарын қайта тіркеу кезінде ағымдағы жылдағы салық екінші рет төленбейді.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

15. Салық органдары ағымдағы жылдың 1 мамырынан кешіктірмей жол полициясының тіркеу органдарынан көлік құралдарының иелері туралы 2-қосымша мен 4-қосымшаға сәйкес қағаздағы немесе электрондық көздердегі мәліметтерді алады .

Алынған мәліметтер негізінде салық органдарының жауапты қызметкерлері бекітілген ставкалары бойынша салық төлеу мерзімі басталғанға дейін аймақтың бекітілген аумақтық учаскелеріне салықтың тиісті сомасын салық төлеушінің жеке шоттарына есептеуді жүргізеді.

Жеке шоттардағы көрсеткіштерге сәйкес салық органдарының қызметкерлері тиісті салық сомасын N 1 үлгідегі төлем хабарламасын жеке жолмен кіргізіп жазады, онда салық сомасы, төлем мерзімі, аумақтық салық органы, жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық коды, ҚР Қазынашылық органдардың деректемелері (СТТН, есеп шот, МФО және т.б.) көрсетіледі.

1 маусымға дейінгі мерзімде олардың иелеріне тапсырады, мұның өзінде бұрынғы жылдар үшін төлем факті квитанциялары бойынша салық төлеушінің есепшотында одан кейінгі белгімен бір мезгілде тексеру жүргізіледі.

Техникалық тексеріс жүргізу мерзімдері және бюджетке салық төлеу мерзімдері басталғанға дейін салық органдары ҚР ПМ-нің жол полициясы органдарын және салық органы басшысы бекіткен екінші дәрежелі банкілер әзірлеген кестелерді қамтамасыз етеді. Кестелерде Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңының 128-бабына сәйкес салық салу объектілеріне тиісті салық ставкалары мен сомалары және түзету коэффициенттері, бюджет классификациясының коды, ҚР Қазынашылық органдарының деректемелері көрсетіледі.

Техникалық тексеріс жасау мерзімі біткеннен кейін салық органдары техникалық тексерістің өтуі туралы белгіленген үлгідегі ҚР ПМ жол полициясы органдарымен техникалық тексеріс өтуі туралы салыстыра тексеру актісін жүргізуге тиісті.

Өткен жылдар үшін төлем фактілерінің тексеріс нәтижелері ҚР ПМ-нің жол полициясымен салыстыра тексеруінің N 24 үлгідегі салық органдарының квитанциялары, екінші дәрежелі банкілер квитанциялары негізінде салық органы қызметкері төлем хабарламаларын тапсыру кезінде "Төленді" графасы бойынша салық төлеушінің жеке шотына жіберуді жүргізеді және тиесінше жылдар (салық борышы, асыра төлеу) бойынша сальдо шығарады.

Салықты есептеуде ставкалардың бұрыс қолданылуы мен арифметикалық қателер фактілері анықталған жағдайда салық органының жауапты қызметкері жеке шотқа "Есептелді" бағанында "Мерзімі бойынша үстеп төлеуге" қосымша жазбасы енгізіледі.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

16. Шетелдік мемлекетте Қазақстан Республикасы азаматтары мен ұйымдарына тиесілі автокөлік құралдарынан алынатын салық осы нұсқаулықта белгіленгеннен көрі неғұрлым жоғары болмаса неғұрлым төмен қалыпта (ставкада) алынатын ретте, осы неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен қалыптар (ставкалар) Қазақстан Республикасында тиісті мемлекеттің азаматтары мен ұйымдарына салық салынған жағдайда қолданылуы мүмкін. Бұл жөніндегі нұсқауларды қажетті жағдайларда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі береді.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

17. Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген шетелдік

дипломатиялық және консульдық өкілдіктердің салық артықшылықтарына қатысты соларға теңестірілген басқа шетелдік мемлекеттердің мекемелері мен ұйымдарын, халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық өкілдіктер басшыларының, дипломатиялық құрама мүшелерінің және тиісті өкілдіктер, мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің салық артықшылықтарын қозғамайды.

18. Салық органдары көлік құралдарының иелерін, заңды, және жеке

тұлғаларды толық есепке алуды қамтамасыз етуге міндетті, оларға жеке шоттар жүргізіп, салықтың уақтылы және толық түсуін бақылайды.

ЕСКЕРТУ. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

18-1. Жылдық техникалық тексеріс жүргізу мерзімі біткеннен кейін салық органдары 3-қосымшаға сәйкес жол полициясы органдарымен көлік құралдарына салықты уақтылы төлеуді толық және уақтылы салыстыра тексеру жүргізуге тиісті.

ЕСКЕРТУ. 18-1-тармағымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

III. Салық жөніндегі жеңілдіктер

Көлік құралдарына салынатын салықты төлеуден босатылады:

19. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тізбесін белгілейтін бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоса алғанда ауыл шаруашылығы өнімін мамандандырылған ауылшаруашылық техникасымен өндірушілер.

Ескерту: 19-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс Министрлігінің

1999 жылғы 24 желтоқсандағы N 1586 бұйрығымен.

V991041\_

20. Жүк көтерімі 40 тоннадан асатын карьерлік автоаударғыштар;  
21. Бір автокөлік құралы бойынша - меншігінде мотоколяскалар мен автомобильдері бар мүгедектер.

22. Меншігіндегі бір автокөлік құралы бойынша - "Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері", "Халық қаһарманы" атағы барлар, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен наградталғандар, "Алтын алқа" және "Ардақты Ана" атағына ие болған көп балалы аналар.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

23. Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Ақыл-есі мен дене бітімінің кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбек ету қабілетін қалыптастыру орталығы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігіне болып табылатын және олардың қаражаты есебінен салынған өндірістік кәсіпорындар, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы ( к ә с і п о р ы н д а р с ы з ) .

24. Қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 50 проценті мүгедектерден тұратын өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар, мұнда алынған табыстың кемінде 50 проценті есепті кезеңде іс жүзінде мүгедектерді әлеуметтік қорғауға нақтылы пайдаланылған жағдайда.

25. Қазақстанның Ұлттық банкі мен оның бөлімшелері.

26. Меншігіндегі бір автокөлік құралы бойынша - Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

27. Көлік құралдары бойынша кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық емес ұйымдар.

ЕСКЕРТУ. 27-тармақ жаңа редакцияда, 27-тармақ 28-тармақ болып саналды - ҚР Қаржы министрінің 1995.12.29. N 367 бұйрығымен.  
ЕСКЕРТУ. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

27-1. Мамандандырылған медициналық көлік құралдары.

ЕСКЕРТУ. 27-1-тармағымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

27-2. "Байқоңыр" кешенінің объектілері болып табылатын көлік құралдары бойынша "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлік базасында құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын.

Ескерту: 27-1-тармағымен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік Кіріс Министрлігінің 1999 жылғы 24 желтоқсандағы N 1586 бұйрығымен.

V991041\_

28. Жыл ішінде жеңілдік алу құқығы пайда болған жағдайда салықты қайта есептеу осы құқы пайда болған айдан бастап жүргізіледі.

IV. Көлік құралдары иелерінен алынатын салықты



төлеушілердің жауапкершілігі

29. Көлік құралдарына салынатын салықты төлеу мемлекет алдындағы міндет болып табылады және бюджет кірісіне төленуге тиісті.

ЕСКЕРТУ. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457 V990783\_ бұйрығымен.

30. Салық төлеушілер көлік құралдарына салынатын салықтың тиесілі сомасын төлемеген жағдайларда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді. Уақытылы төленбеген салық сомасы мерзімі өткен әр күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есе мөлшерінде өсім есептеліп, өндіріп алынады.

ЕСКЕРТУ. 30-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

V. Көлік құралдарына салынатын салықты төлеуге бақылау жасау

31. Көлік құралдарына салынатын салықтың дұрыс есептеліп, дер кезінде төленуін бақылауды Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес салық қызметтері мен жол полициясы органдарымен жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 31-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

Бас салық инспекциясының  
бастығы - Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің бірінші  
орынбасары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Бас салық инспекциясының 1995 жылғы  
21 маусымдағы N 39 нұсқауына  
1 қосымша

ЕСКЕРТУ. »Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік кіріс  
министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929  
бұйрығымен.

V990901\_

Көлік құралдарына  
салық декларациясы

Кәсіпорын \_\_\_\_\_  
(бірлестік, ұйым) банк  
мөртабаны \_\_\_\_\_  
(банк шоттары)

СТТН

\_\_\_\_\_ бойынша  
(заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_  
(салық төлеушінің мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ жыл үшін  
(телефон) \_\_\_\_\_

---

N	Көлік құралдарының түрі, маркасы, моделі	Көлік құралының шығарылған саны	Көлік құралының саны	Салық салынатын объекті*
---	---	------------------------------------	-------------------------	-----------------------------

ЖЫЛЫ \_\_\_\_\_ Ж.

" \_\_\_\_\_ "

бірлік

---

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

---

Жиынтығы:

---

Ағымдағы төлемдер есебі бойынша есептеледі			x	x	x
Қосып төлеуге (+), Кемітуге (-)			x	x	x
Анықтама бойынша***			x	x	x
Қосып төлеуге (+), Кемітуге (-)					
Барлығы:		x	x	x	
Қосып төлеуге (+), Кемітуге (-)			x	x	x
Ағымдағы төлемдер төленді			x	x	x
Мерзім бойынша ақы төлеуге			x	x	x
Кемітуге		x	x	x	

---

Салық төлеушінің заң алдындағы жауапкершілігі

таблицаның жалғасы

---

Салық ставкасы	Двигатель көлемінің 1500-2000 текше см.-ден жоғары және 2000-4000 текше см.-ден жоғары асқанда (текше см)	Салық сомасы**	Түзету коэффициенті (8x9- топтар) (10-х 4- топтар)	Салық Сомасы	Салықтың жалпы сомасы
		(теңге)	(теңге)		

6	7	8	9	10	11
x	x	x	x	x	x
x	x	x	x	x	x
x	x	x	x	x	x
x	x	x	x	x	x
x	x	x	x	x	x
x	x	x	x	x	x
x	x	x	x	x	x

Біз осы декларацияда көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен растығы үшін заң алдында жауап береміз.

Басшы \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні) (қолы)

\_\_\_\_\_ күні МО

Декларация жасау бойынша қызмет көрсеткен аудитор

\_\_\_\_\_ (аты-жөні, СТТН) \_\_\_\_\_ (қолы)  
 МО

Салық комитетінің бастығы \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні) (қолы)

Бөлім бастығы \_\_\_\_\_  
 (аты-жөні) (қолы)

Ескерту. 3 және 9 бағаналар жеңіл көлік құралдары және ұшатын

аппараттар бойынша ғана толтырылады

\*) Осы нұсқаудағы 3-тармақшаға сәйкес салық салынатын объект көрсетілген

\*\*) Мынадай формула бойынша жеке әрбір автомобиль үшін салық сомасы анықталады:  $8\text{-топ} = 6\text{-топ} + (7\text{-топ} \times 12)$

\*\*\*) Көлік құралдарының қозғалысы туралы анықтама бойынша салық сомасы көрсетіледі (Көлік құралдарына салық бойынша декларацияға қосымша).

## Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының  
1995 жылғы 21 маусымдағы N 39 нұсқауына  
N 2 қосымша

ЕСКЕРТУ. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

Жеке тұлғалардың жол полициясы органында  
мемлекеттік есепте тұрған көлік құралдары туралы  
мәліметтер

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ (қала, аудан, поселкесі) бойынша

-----  
N ! Тегі, аты, !СТТН!Түпкілікті! Көлік ! Көлік !Салық ! Шыға ! Сенім  
!әкесінің аты! !тұрғын !құрал- !құралдары!салу !рылған!білдірген  
! ! !орнының !дарының!ның !объек-!жылы !адам  
! ! !мекен- !маркасы!мемлекет-!тісі\* ! !-----  
! ! !жайы !мен !тік ! ! !Тегі,!Мекен

! ! ! ! моделі ! нөмірі ! ! ! аты, ! жайы  
! ! ! ! ! ! ! ! әке- !  
! ! ! ! ! ! ! ! сінің!  
! ! ! ! ! ! ! ! аты !

-----  
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10  
-----

! ! ! ! ! ! ! ! !  
-----

Жол полициясының бастығы \_\_\_\_\_

(Аты-жөні) (қол қою) (күні)

М.О.

-----  
\* Осы нұсқаудың 3-тармағына сәйкес салық салу объектісі көрсетіледі

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының  
1995 жылғы 21 маусымдағы N 39 нұсқауына  
N 3 қосымша

ЕСКЕРТУ. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс  
министрлігінің 1999.05.05. N 457

V990783\_

бұйрығымен.

Көлік құралдарына салықтардың толық және уақтылы  
төленгенін салыстыру актісі

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ (қала, аудан, поселкесі) бойынша

-----  
N ! Тегі, аты, !СТТН!Түпкілікті! Көлік ! Көлік !Салық ! Шыға  
!әкесінің аты! !тұрғын !құрал- !құралдары!салу !рылған  
! ! !орнының !дарының!ның !объек-!жылы  
! ! !мекен- !маркасы!мемлекет-!тісі\* !  
! ! !жайы !мен !тік ! !  
! ! ! !моделі !нөмірі ! !  
! ! ! ! ! ! !  
! ! ! ! ! ! !  
! ! ! ! ! ! !  
-----

1! 2 !3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

-----  
! ! ! ! ! ! !  
-----

(таблицаның жалғасы)

-----  
Техникалық тексеруден ! Квитанцияның нөмірі, күні көрсетілген  
өткен күні ! салықтың төленген сомасы (теңге)

!-----  
!Жол полициясы ! Салық органының  
!органдарының ! мәліметі бойынша  
!мәліметі бойынша !  
-----

9 ! 10 ! 11

-----  
! !  
-----

Жауапты қызметкерлер қолы:

Жол полициясы органдары \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні) (қолы) (күні)

Салық комитеті органдары \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні) (қолы) (күні)

-----  
\* Осы нұсқаудың 3-тармағына сәйкес салық салу объектісі көрсетіледі

№ 4 қосымша

ЕСКЕРТУ. 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс

министрлігінің 1999.05.05. № 457

V990783\_

бұйрығымен.

Жол полициясы органдарында мемлекеттік  
есепте тұрған заңды тұлғалардың көлік құралдары туралы  
мәліметтер  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ (қала, аудан, поселкесі) бойынша

-----  
N !Көлік құралының !Көлік құралының !Көлік құралының !Салық салынатын  
!түрі, маркасы, !шығарылған жылы !саны !объекті\*  
!моделі ! !\_\_\_\_\_ !  
! ! !жылдың "\_\_\_" !  
! ! !\_\_\_\_\_ !  
! ! !бірлік !

-----  
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5  
-----

! ! ! !

-----  
!Жалпы ! ! !  
-----

\*) Салық салынатын объекті осы Нұсқаудың 3-тармағына сәйкес көрсетіледі.

Жол полициясы бастығы \_\_\_\_\_

— (аты-жөні) (қолы) (күні)

МО



Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының  
1995 жылғы 21 маусымдағы N 39  
нұсқауына 5 қосымша

ЕСКЕРТУ.»5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс  
министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929  
бұйрығымен.

V990901\_

Кәсіпорын (бірлестік, ұйым)  
мөртабаны

Көлік құралдарына салық бойынша  
ағымдағы төлемдер есебі

\_\_\_\_\_ бойынша  
(төлеуші атауы)

\_\_\_\_\_ жылға

СТТН

\_\_\_\_\_  
(банк)

\_\_\_\_\_  
(салық төлеушінің мекен-жайы)

\_\_\_\_\_  
(банк шоттары)

\_\_\_\_\_

(телефоны)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
N  
р/с

Көрсеткіш

Осы төлеуші  
бойынша

- \_\_\_\_\_  
1 Алдыңғы жыл үшін Декларация бойынша салық сомасы  
2 Ағымдағы жылдың 1 шілдесі мерзімі бойынша төлеуге тиесілі салық сомасы

Басшы \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні) (қолы)

\_\_\_\_\_ күні МО

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі Бас салық инспекциясының  
1995 жылғы 21 маусымдағы N 39  
нұсқауына 6 қосымша

ЕСКЕРТУ.»6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік кіріс  
министрлігінің 1999 жылғы 4 тамыздағы N 929  
бұйрығымен.

V990901\_

Кәсіпорын (бірлестік ұйым)  
мөртабаны

Көлік құралдарының қозғалысы  
туралы анықтама\*

\_\_\_\_\_ бойынша  
(төлеуші атауы)  
\_\_\_\_\_ жыл үшін

СТТН

\_\_\_\_\_  
(банк)

\_\_\_\_\_  
(салық төлеушінің мекен-жайы)

\_\_\_\_\_  
(банк шоттары)

\_\_\_\_\_  
(телефоны)

---

N p/c	Көлік құралдарының түрі, маркасы, моделі	Күні құралдарының саны, бірлік	Көлік
----------	---	--------------------------------------	-------

---

1	2	3	4
---	---	---	---

---

Есепті жылды есептен шығарылған

Жиынтығы:

Есепті жылда түскен салығы  
төленген көлік құралдары:

Жиынтығы:

Барлығы:

---

таблицаның жалғасы

---

---

Салық сомасы	Бюджетке төленген салық сомасы	Қосып есептеуге (+), Кемітуге (-),*
-----------------	-----------------------------------	--

---

Басшы \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні) (қолы)

\_\_\_\_\_ күні МО

\* - Олар бойынша көлік құралдары салығы есепті жылы төленіп, есепті жылы есептен шығарылған және бұрынғы иесі салықты толық төлеген, сатып алынған көлік құралдары бойынша анықтама жасалады.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК